

**ЖҮК ЖӨНЕЛТУШІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАҢА РЕДАКЦИЯДА)**

Алматы 2023



Осы сақтандыру ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «Евразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы тарапынан біржақты тәртіппен әзірленген және осы сақтандыру ережелеріне қосылу және сақтандыру полисін беру арқылы жасалатын жүк жөнелтушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын, оларды жасасу және орындау тәртібін айқындайды.

Осы сақтандыру ережелері Сақтандырушының құқық қабілеттілігін шектемейді. Жүк жөнелтушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша нақты сақтандыру полисінің шарттары, осындай сақтандыру полисі бойынша тараптардың міндеттемелерін айқындай отырып, осы сақтандыру ережелерімен анықталады.

МАЗМҰНЫ:

1-бап. Глоссарий	2
2- бап. Жалпы ережелер	3
3-бап. Сақтанушы.Сақтандырылған тұлға	3
4-бап. Сақтандыру объектілерінің тізбесі.....	4
5-бап. Сақтандыру жағдайларының тізбесі	4
6-бап. Сақтандыру жағдайларынан алып тастаулар және сақтандыруды шектеу	4
7-бап.Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі	5
8-бап. Сақтандыру сыйлықақысы	5
9-бап. Франшиза	6
10-бап.Сақтандыру полисін жасасу тәртібі	6
12-бап. Қосарлық сақтандыру	8
13-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	9
14-бап.Сақтандыру полисі қолданылу кезеңінде сақтандыру полисі қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдарлары	11
15-бап. Сақтандыру жағдайы туындаған кездегі сақтанушының әрекеттері	11
16-бап. Сақтандыру жағдайының туындауын және залал мөлшерін растайтын құжаттар тізбесі.....	12
17-бап. Залал мөлшерін және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау	13
18-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары.....	14
19-бап. Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау немесе одан бас тарту мерзімі.....	14
20-бап. Сақтандырушыға сақтанушының залалды өтеу құқығының өтуі	15
21-бап. Сақтандыру полисінің тоқтатылу шарттары.....	15
22-бап. Қосымша шарттар.....	16
23-бап. Дауларды шешу тәртібі	17

1-бап. Глоссарий

1. **Жүк жөнелтуші** – тасымалдау құжаттарында осындай ретінде көрсетілген тұлға;
2. **Жанама коммерциялық шығындар** – нақты залал болып табылмайтын кез келген шығын;
3. **Зардап шегушінің қайтыс болуы нәтижесінде зиян шеккен тұлғалар** - еңбекке қабілетсіз, зардап шегушінің асырауында болған немесе оның қайтыс болған күні одан асырау алуға құқығы болған тұлғалар; қайтыс болғаннан кейін туған оның баласы, сондай-ақ ата-анасының бірі, жұбайы немесе еңбекке қабілеттілігіне қарамастан жұмыс істемейтін және қайтыс болған адамның асырауында болған оның он төрт жасқа толмаған немесе осы жасқа толғанымен, медициналық органдардың қорытындысы бойынша денсаулық жағдайына байланысты бөгде күтімді қажет ететін балаларына, немерелеріне, бауырларына және әпкелеріне күтім жасайтын өзге отбасы мүшесі. Бұл ретте зардап шегушінің қайтыс болған күніне оның асырауында болу құқығы отбасы мүшелерінің алименттік құқықтық қатынастарына байланысты туындайды;
4. **Тасымалдаушы** – Сақтанушымен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша Сақтанушының жүгін тасымалдауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;



5. **Тасымалдау құжаттары** - тасымалдау түріне қарамастан жүкті тасымалдау және/немесе жеткізу кезінде міндетті түрде ресімделуге тиіс құжаттар;
6. **Зардап шегуші** – жүктің тасымалдануы нәтижесінде өміріне және/немесе денсаулығына зиян келтірілуіне байланысты Сақтанушы тарапынан мүліктік мүдделеріне залал келтірілген заңды және/немесе жеке тұлға;
7. **Сақтанушы** – осы Сақтандыру ережелерінің талаптарымен Сақтандырушымен жүк жөнелтушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша сақтандыру полисін жасасқан тұлға;
8. **Сақтандыру қорғанысы** – орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша Сақтандырушы жасалған сақтандыру полисі бойынша жауапкершілік көтеретін кезең;
9. **Сақтандыру тарифі** - сақтандыру объектісі мен сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасының бірлігінен алынатын сақтандыру сыйлықақысы төлемінің мөлшерлемесін айқындайды;
10. **Тасымалдау** - жүктерді жөнелту пунктінен межелі пунктке дейін жеткізуге бағытталған өзара байланысты әрекеттердің жиынтығы.

2- бап. Жалпы ережелер

1. Осы Сақтандыру ережелерінің талаптарына сәйкес «Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ, бұдан әрі Сақтандырушы деп аталатын, Сақтанушыны осы Сақтандыру ережелеріне қосу арқылы жүк жөнелтушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша сақтандыру полистерін жасайды, оған сәйкес Сақтанушының мүліктік мүддесі сақтандырылады, ол Сақтанушы жүгін тасымалдау кезінде олардың өміріне және/немесе денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтіру нәтижесінде зардап шегушілердің мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды өтеу міндетімен байланысты.
2. Сақтандыру полистері жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) және заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан), бұдан әрі Сақтанушы деп аталатын тұлғалармен жасалады.
3. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес тек Сақтанушының өз тәуекелі ғана және тек оның пайдасына сақтандырылады.
4. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес зардап шегушілер болып:
 - 1) өміріне және/немесе денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтірілген жеке тұлғалар;
 - 2) азаматтың қайтыс болуы нәтижесінде зиян шеккен тұлғалар;
 - 3) мүліктік мүдделеріне зиян келтірілген заңды тұлғалар табылады.
5. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес Сақтанушы және оның қызметкерлері зардап шегушілер болып табылмайды.

3-бап. Сақтанушы.Сақтандырылған тұлға

1. Сақтанушы – заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда сақтандыру полисінің қолданылу кезеңінде оның осы сақтандыру полисі бойынша құқықтары мен міндеттері осы Сақтандыру ережелерінде белгіленген тәртіппен Сақтандырушының келісімімен тиісті құқық мирасқорына өтеді.
2. Сақтанушы осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес бір мезгілде Сақтандырылған тұлға және Пайда алушы болып табылады.
3. Егер Сақтанушы заңды тұлға болса, онда сақтандыру қорғанысы Сақтанушының қызметкерлері қызметтік міндеттерін орындау кезінде жасаған әрекеттер нәтижесінде болған оқиғаларға таралады.
4. Сақтанушыны оның қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде ауыстыру үшін соңғысы қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған сәттен бастап 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде өзінің уәкілетті органы арқылы Сақтандырушыға қайта ұйымдастыруға байланысты Сақтанушыны ауыстыру туралы жазбаша өтініш беруге міндетті. Егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыру туралы шешім қабылдаса, онда соңғысы сақтандыру полисіне қосымша келісімге қол қойылған сәттен бастап және заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тізіліміне Сақтанушының қайта ұйымдастырылуы туралы жазба енгізілген сәттен бастап ауыстырылған болып есептеледі. Егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстырудан бас тартса, онда ол бұл туралы Сақтанушыны жазбаша хабардар етеді және сақтандыру полисі заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тізіліміне



Сақтанушының қайта ұйымдастырылуы туралы жазба енгізілген сәттен бастап тоқтатылады, бұл ретте сақтандырудың пайдаланылмаған қалған кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігі пайдаланылмаған кезеңге пропорционалды түрде, мемлекеттік бюджетке аударылған міндетті төлемдерді, агенттік сыйақыны және сақтандыру полисі бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінің сомаларын шегере отырып, Сақтанушыға қайтарылады.

4-бап. Сақтандыру объектілерінің тізбесі

1. Сақтандыру объектісі болып Сақтанушының мүлдіктік мүддесі табылады, ол жүктің тасымалдануы нәтижесінде зардап шегушілердің өміріне және/немесе денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтіру салдарынан олардың мүлдіктік мүдделеріне келтірілген залалды өтеу бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің туындау тәуекелімен байланысты.
2. Сақтанушының заңсыз мүдделері сақтандыруға қабылданбайды.

5-бап. Сақтандыру жағдайларының тізбесі

1. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру жағдайы болып Сақтанушының келесі залалды өтеу бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындау фактісі табылады:
 - 1.1. теміржол көлік жүкқұжатына және/немесе тасымалдау құжаттарына енгізілген мәліметтердің дұрыс еместігі, дәл еместігі және/немесе толық еместігі нәтижесінде Тасымалдаушының мүлдіктік мүдделеріне келтірілген залал;
 - 1.2. сақтандыру полисінде көрсетілген жүкті тасымалдау кезінде туындаған авариялық жағдайларды жою нәтижесінде зардап шегушінің мүлдіктік мүдделеріне келтірілген залал; зардап шегушілердің денсаулығына, өміріне зиян келтіру нәтижесінде, нақты жүк партиясын тасымалдауға байланысты туындаған, олардың мүлдіктік мүдделеріне келтірілген залал.
2. Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындау фактісі келесі оқиғалардың бірі болып табылады:
 - 2.1. Сақтандырушының жазбаша келісімімен Сақтанушының өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті түрде мойындауы;
 - 2.2. жүк жөнелтушіні Тасымалдаушыға зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тарту туралы жалпы юрисдикция сотының тиісті шешімінің заңды күшіне енуі;
 - 2.3. Сақтанушының Сақтандырушының жазбаша келісімімен мүлдіктік мүдделеріне залал келтірілген тұлғамен бітімгершілік келісім жасасуы және оны мемлекеттік соттың кейіннен бекітуі.
3. Әлеуетті Сақтанушы сақтандыру полисін жасасқанға дейін осы баптың 1-тармағында көрсетілген тізбеден сақтандыру жағдайларын таңдауы тиіс, олар кейіннен сақтандыру полисінде көрсетіледі.
4. Сақтандыру жағдайы ықтималдық және кездейсоқтық белгілеріне ие болуы тиіс, залалдың туындау себептері қасақана сипатта болмауы тиіс.

6-бап. Сақтандыру жағдайларынан алып тастаулар және сақтандыруды шектеу

1. Келесі жағдайлардың салдарынан азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің туындауы сақтандыру жағдайы болып табылмайды:
 - 1) соғыс; басып кіру; шетел мемлекетінің дұшпандық әрекеттері; әскери немесе соған ұқсас операциялар (соғыс жарияланғанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
 - 2) бүлік; ереуіл; локауттар; халық көтерілісіне дейін ұлғайған немесе ұласқан азаматтық тәртіпсіздіктер; бүлік; азаматтық толқулар; әскери бүлік; революция; әскери басып алу немесе билікті заңсыз иелену; мүлдікті тәркілеу; реквизиция немесе ұлттандыру; ереуілдер; локауттар; тәркілеу; қамауға алу; террористік әрекеттер;
 - 3) радиоактивтік сәулелену немесе атом отынын жағудан пайда болған радиоактивтік отынмен немесе радиоактивтік қалдықтармен ластану; атомдық жарылыстың тікелей немесе жанама әсері, жоғары радиация, атомдық немесе ядролық ыдырау немесе синтез энергиясын кез келген қолданумен немесе ыдырайтын материалдарды пайдаланумен байланысты;
 - 4) Сақтанушының және/немесе зардап шегушінің алкогольдік, уытты немесе есірткілік масаң күйде жасаған әрекеттері;



- 5) табиғи апаттар – жер сілкінісі, найзағай соғуы, су тасқыны, сел, дауыл, құйын, боран, опырылу, көшкін, қар көшкіні;
 - 6) Сақтанушының төлем қабілетсіздігі немесе банкроттығы;
 - 7) Сақтанушының немесе оның өкілінің қасақана әрекеті немесе өрескел абайсыздығы немесе олардың кез келгенінің қолданыстағы тиеу ережелерін бұзуы;
 - 8) температураның, қоймадағы және/немесе атмосфералық ауаның әсері немесе тасымалданатын жүктің ерекше қасиеттері немесе ақаулары, егер бұл мән-жайлардың тасымалдау нәтижесіне әсері туралы Сақтанушы білген немесе білуі тиіс болғанымен, олар туралы тасымалдаушыны хабардар етпеген болса;
 - 9) Сақтанушының немесе оның өкілдерінің білуімен, бірақ Сақтандырушының хабарынсыз қауіпті жүктерді тасымалданатын жүкпен бірге тиеу (сақтау);
 - 10) тасымалданатын жүктің өндірістік ақаулары және/немесе оның табиғи қасиеттері;
 - 11) қоршаған ортаның ластануы нәтижесінде келтірілген залал.
- 2.** Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес Сақтанушының зардап шегушіге келтірген нақты залалы ғана өтелуге жатады, осы Ережелердің басқа тармақтарында «залалдар» сөзі қолданылғанына қарамастан.
- 3.** Сақтандырушы келесі үшін сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:
- 1) зардап шегушінің жанама коммерциялық шығындары, сондай-ақ алынбай қалған пайда, оның ішінде тауарларды жеткізу мерзімдерінің бұзылуы және/немесе жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету), Шарттар бойынша міндеттемелерді орындамау нәтижесінде туындаған;
 - 2) моральдық зиян;
 - 3) сот шығындары, оның ішінде сараптамаға байланысты шығындар.

7-бап. Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі

- 1.** Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы болып табылады және сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.
- 2.** Сақтанушының таңдауы бойынша сақтандыру полисі мыналарды қамтуы мүмкін:
 - 1) жиынтық шекті жауапкершілік көлемі, бұл жағдайда сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі ішінде барлық сақтандыру жағдайлары бойынша барлық сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы осы көлемнен аспауға тиіс;
 - 2) әрбір сақтандыру жағдайы бойынша шекті жауапкершілік көлемі;
 - 3) бір немесе бірнеше тұлғаға қатысты өміріне, денсаулығына келтірілген зиян үшін бір және/немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша жиынтық шекті жауапкершілік көлемі;
 - 4) әрбір, не бір, не бірнеше зардап шегушіге қатысты мүліктік зиян келтіру үшін жиынтық шекті жауапкершілік көлемі;
 - 5) бір немесе бірнеше, не барлық сақтандыру жағдайлары бойынша шекті жауапкершілік көлемі.
- 3.** Сақтандыру сомасының мөлшері жүктің сипаты мен көлеміне, тасымалдау түріне, күзеттің болуына және сақтандыру жағдайының туындауына кедергі келтіретін құралдардың болуына байланысты болады және тиісті сақтандыру полисінде көрсетіледі.
- 4.** Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес бір Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүйелі түрде сақтандыру кезінде, егер бастапқы сақтандыру кезінде Сақтанушы мәлімдеген тасымалданатын жүктің түрі, көлік түрі, жүктің тасымалын сүйемелдеу құралдары, күзет өзгермеген жағдайда, сақтандыруға өтініш-сауалнаманы жүйелі түрде толтыру талап етілмейді.

8-бап. Сақтандыру сыйлықақысы

- 1.** Сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру полисімен белгіленеді және Сақтанушының сақтандыру полисінде айқындалған сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасын білдіреді.
- 2.** Сақтанушы таңдаған сақтандыру жағдайларына байланысты, осы Сақтандыру ережелерінің 5-бабы 1-тармағында көрсетілген тізбеден, сондай-ақ сақтандыру сомасының сипаты мен мөлшеріне қарай, осы Сақтандыру ережелерінің 7-бабы 2-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес, сақтандыру



полисінде әрбір сақтандыру объектісі және/немесе әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін. Сақтандырушының Сақтанушыдан алған сақтандыру сыйлықақылары оған меншік құқығымен тиесілі болады.

3. Сақтандырушы төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларына байланысты белгіленетін базалық сақтандыру тарифтеріне арттырушы және төмендетуші коэффициенттерді қолдануға құқылы.

4. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушы тарапынан біржолғы түрде немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп төленуі мүмкін, қолма-қол немесе қолма-қолсыз нысанда. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен нысаны тиісті сақтандыру полисінде көрсетіледі.

5. Егер Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) сақтандыру полисінде белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру полисін біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

6. Егер сақтандыру жағдайы мерзімі өтіп кеткен сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) төлеуге дейін орын алса, және сақтандыру полисі тиісті түрде біржақты тәртіппен бұзылмаған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау кезінде төленбеген сақтандыру сыйлықақысының (кезекті сақтандыру жарнасының) сомасын есепке алуға құқылы.

9-бап. Франшиза

1. Франшиза — сақтандыру шарттарында көзделген, белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден Сақтандырушыны босату.

2. Сақтандыру полисінде, оның өзге шарттары мен тәуекел сипатына байланысты шартсыз немесе шартты франшиза көзделуі мүмкін, бұл сақтандыру полисінде тікелей көрсетіледі.

3. Шартсыз франшиза барлық жағдайларда өтелуге жататын залал сомасынан шегеруді білдіреді. Шартты франшиза Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан тек келтірілген залал мөлшері белгіленген шартты франшиза мөлшерінен аспаған жағдайда босатуды білдіреді.

4. Франшиза мөлшері сақтандыру полисінде сақтандыру сомасына пайыздық қатынаста немесе тіркелген сома түрінде көрсетіледі.

10-бап. Сақтандыру полисін жасасу тәртібі

1. Сақтандыру полисі Сақтанушының жазбаша өтініш-сауалнамасы негізінде жасалады, ол сақтандыру полисінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Сақтандыру полисін жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға өзіне белгілі, сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның салдарынан болуы мүмкін залал мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) анықтау үшін маңызды мәні бар мән-жайларды хабарлауға міндетті.

3. Маңызды деп келесі мән-жайлар танылады:

1) сақтандыру қорғанысының әрекет ету аумағы;

2) тасымалданатын жүктің сипаты мен көлемі, оны тасымалдау кезінде Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылатын жүк;

3) жүк тасымалданатын байланыс түрі және көлік құралының түрі, оны тасымалдау кезінде Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылатын;

4) сақтандыру полисі жасалған сәтте тасымалданатын жүктің бар зақымдары мен ақаулары;

5) тасымалданатын жүкке қатысты талаптар мен сот талап-арыздарының болуы туралы мәліметтер;

6) сақтандыру жүзеге асырылатын сақтандыру жағдайларының тізбесі;

7) тасымалданатын жүктің құны;

8) сақтандыру сомасының мөлшері;

9) сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі;

10) күзеттің және сақтандыру жағдайының туындауын болдырмауға немесе ықпал етуге қабілетті құралдардың болуы;

11) сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі (біржолғы, бөліп төлеу, қолма-қол немесе қолма-қолсыз төлем).



4. Сақтанушы сақтандыру тәуекелін анықтау мақсатында Сақтандырушы қойған барлық сұрақтарға жауап беруге міндетті.
5. Ұсынылған ақпараттың дұрыстығы мен нақтылығы үшін жауапкершілікті Сақтанушы көтереді.
6. Егер сақтандыру полисі Сақтанушының Сақтандырушының кейбір сұрақтарына жауап бермеуі жағдайында жасалса, Сақтандырушы кейіннен осы мән-жайлар хабарланбады деген негізбен сақтандыру полисін бұзуды немесе жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
7. Егер сақтандыру полисі жасалғаннан кейін Сақтанушы осы баптың 4-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы Сақтандырушыға әдейі жалған мәліметтер бергені анықталса, Сақтандырушы сақтандыру полисін жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.
8. Өтініш-сауалнамада көрсетілуге тиіс мәліметтер мен мән-жайлардың дұрыстығы үшін жауапкершілік Сақтанушыға жүктеледі. Өтініш-сауалнама мазмұны бойынша оның жекелеген шарттарының толық болмауына байланысты даулар туындаған жағдайда, дау Сақтандырушының пайдасына шешіледі.
9. Егер Сақтанушы хабарламаған мән-жайлар жойылған және жүзеге асырылған және/немесе болашақта жүзеге асырылуға тиіс сақтандыру төлемдерінің мөлшеріне, сондай-ақ сақтандыру сыйлықақысының мөлшеріне әсер етпеген болса, Сақтандырушы сақтандыру полисін жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
10. Сақтандырушы Сақтанушыдан өтініш-сауалнамада көрсетілген мән-жайларды растайтын құжаттарды талап етуге құқылы, ал Сақтанушы оларды ұсынуға міндетті.
11. Сақтандыру полисі жазбаша нысанда Сақтанушының осы Сақтандыру ережелеріне қосылуы және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы жасалады.
12. Сақтандыру полисі мыналарды қамтуы тиіс:
 - 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
 - 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса); сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәлікте көрсетілген болса), байланыс телефоны және жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол ҚР резиденті жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері, байланыс телефоны және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол ҚР резиденті заңды тұлға болса);
 - 3) сақтандыру объектісін көрсету;
 - 4) сақтандыру жағдайын көрсету;
 - 5) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
 - 6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері; сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының болуы немесе болмауы туралы көрсетілім;
 - 7) жасалған күні, сақтандыру полисінің және сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі;
 - 8) сақтандырылған тұлға мен пайда алушы туралы мәліметтер, егер олар сақтандыру қатынастарының қатысушылары болса;
 - 9) сақтандыру полисінің нөмірі мен сериясы;
 - 10) сақтандыру полисінің шарттарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі; Сақтанушының шарт жасасу кезінде хабарланған мән-жайларда орын алған, сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін өзгерістер туралы Сақтандырушыны дереу хабардар ету міндеті (ҚР АҚ 834-бабы 1-тармағы);
 - 11) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының валютасы;
 - 12) Сақтанушының сәйкестендіру нөмірі, резиденттік белгісі және экономика секторы;
 - 13) егер ол сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болмаса, сақтандырылған (пайда алушының) сәйкестендіру нөмірі, резиденттік белгісі және экономика секторы туралы мәліметтер.
13. Сақтандыру полисі жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде оның көшірмесін береді, содан кейін жоғалған сақтандыру полисі жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды. Сақтандыру полисінің бланкін дайындау және оның көшірмесін рәсімдеу шығындарын Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) өтейді, бұл ретте өтелетін шығындардың жалпы сомасы көшірме берілген күнге белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 0,1 мөлшерінен аспауға тиіс.



14. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында келесі мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілуі тиіс:

- 1) сақтандыру объектісі болып табылатын нақты мүлік немесе өзге де мүліктік мүдде туралы;
- 2) сақтандыру жүзеге асырылатын оқиғаның сипаты (сақтандыру жағдайы);
- 3) сақтандыру сомасының мөлшері;
- 4) шарттың қолданылу мерзімі.

11- бап. Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі мен орны

1. Сақтандыру полисі Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады, ал оны бөліп төлеген жағдайда – алғашқы сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап.

2. Сақтандыру полисі осы Сақтандыру ережелерінің 21-бабына сәйкес өзінің қолданылуын тоқтатады.

3. Сақтандыру полисі бір жылдан кем мерзімге жасалған жағдайда сақтандыру сыйлықақысы жылдық сыйлықақының келесі мөлшерлерінде белгіленеді (толық емес ай толық ай ретінде есептеледі):

Мерзімі	1 ай және одан аз	2 ай	3 ай	4 ай	5 ай	6 ай	7 ай	8 ай	9 ай	10 ай	11 ай
Жылдық сақтандыру сыйлықақысынан %	20	25	40	50	60	70	75	80	85	90	95

4. Бір жылдан астам мерзімге сақтандыру кезінде Сақтандыру полисі бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы әрбір жыл үшін сақтандыру сыйлықақыларының жиынтығы ретінде белгіленеді. Бұл ретте толық емес жыл үшін сақтандыру сыйлықақысы келесі формула бойынша есептеледі:

$Пнеп. = СТ \times (N/12)$, мұнда:

Пнеп. – толық емес жылға арналған сақтандыру сыйлықақысы (бір жылдан астам сақтандыру кезінде);

СТ – Сақтандыру полисінде белгіленген сақтандыру тарифі;

N – толық емес жылдағы сақтандыру қорғанысының айлар саны.

5. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімімен сәйкес келмеуі мүмкін және тиісті Сақтандыру полисінде көрсетіледі.

6. Сақтандыру полисінің қолданылу орны (сақтандыру аумағы) тек тікелей Сақтандыру полисінде көрсетілген аумаққа ғана таралады.

12-бап. Қосарлық сақтандыру

1. Қосарлық сақтандыру – бір және сол объектіні бірнеше Сақтандырушыда әрқайсысымен дербес шарттар (сақтандыру полистері) бойынша сақтандыру.

2. Мүлікті қосарлық сақтандыру кезінде әрбір Сақтандырушы Сақтанушы алдында өзімен жасалған Сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) шегінде жауап береді, алайда Сақтанушы барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауға тиіс. Бұл ретте Сақтанушы кез келген Сақтандырушыдан өзімен жасалған Сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) бойынша көзделген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты залалды жаппаса, Сақтанушы жетіспейтін соманы басқа Сақтандырушыдан алуға құқылы.

3. Келтірілген залал басқа Сақтандырушылармен өтелгеніне байланысты сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара босатылған Сақтандырушы, жұмсалған шығындарды шегере отырып, Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақыларының тиісті бөлігін қайтаруға міндетті.

4. Қосарлық сақтандыру кезінде сақтандыру жағдайы туындағаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға басқа сақтандыру компанияларында сақтандыру төлемін реттеу мәселесіне



қатысты барлық мәліметтерді, оның ішінде басқа сақтандыру компанияларынан алынған сақтандыру төлемдерінің мөлшері туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

5. Қосарлық сақтандыру кезінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын анықтауға, сондай-ақ сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залал мөлшерін басқа сақтандыру компанияларымен бірлесіп айқындауға құқылы.

13-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Сақтанушының құқықтары:

- 1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпарат талап етуге;
- 2) сақтандыру жағдайы туындаған кезде осы Сақтандыру ережелерінде және Сақтандыру полисінде көзделген мөлшерде және тәртіппен сақтандыру төлемін алуға және сақтандыру жағдайының алдын алуға немесе залал мөлшерін азайтуға бағытталған шығындардың өтелуіне;
- 3) Сақтандыру полисі жоғалған жағдайда оның көшірмесін алуға;
- 4) сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залал мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сараптама тағайындауға.

2. Сақтанушының міндеттері:

- 1) Сақтандыру полисін жасасу кезінде Сақтандырушыға өзіне белгілі, сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушының Сақтандыру полисін жасасу туралы шешім қабылдауы үшін маңызды барлық мән-жайларды хабарлау;
- 2) басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалып жатқан жүк жөнелтушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттары (сақтандыру полистері) туралы Сақтандырушыға жазбаша түрде хабарлау;
- 3) сақтандыру сыйлықақысын осы Сақтандыру ережелері мен Сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде және тәртіппен төлеу;
- 4) осы Сақтандыру ережелерінің талаптарын орындау;
- 5) сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиға туындаған кезде осы Сақтандыру ережелерінің 15-бабы 2-тармағында көрсетілген қажетті әрекеттерді орындау;
- 6) өзіне белгілі болған күннен бастап дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, зардап шегушілердің барлық талаптары, талап-арыз беру (соның ішінде өтініштер, шағымдар), зиян келтіру фактісі бойынша уәкілетті органдардың әрекеттерінің басталуы, оның ішінде тергеу, қылмыстық іс қозғау, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту, істі сотқа жолдау, сотқа шақыру туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлау;
- 7) егер Сақтанушыда мұндай негіздер болса, қойылған талаптардың мөлшерін азайту үшін барлық қолжетімді шараларды қабылдау;
- 8) Сақтандыру полисінің шарттары мен сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдерінің мөлшерлері туралы құпиялылықты сақтау;
- 9) сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз ету;
- 10) Сақтандырушының сұрауы бойынша сақтандыру жағдайына қатысты мәліметтерді ұсыну;
- 11) Сақтандырушының талабы бойынша талаптарды сотқа дейінгі және сот тәртібімен реттеу кезінде Сақтанушының өкілеттіктерін беру;
- 12) Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттер жасамау, сондай-ақ оның жазбаша келісімінсіз ешқандай міндеттемелер қабылдамау, жауапкершілікті мойындамау, қандай да бір ұсыныстарды қабылдамау, төлемдер жасамау және сақтандыру жағдайына қатысты төлемдер жасауға уәде бермеу;
- 13) сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы Сақтандырушыны хабардар ету;
- 14) Сақтанушы қатысатын немесе қатысуы мүмкін сот процесі басталған жағдайда Сақтандырушыны іске қатысуға тарту;
- 15) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушы немесе үшінші тұлға арқылы Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде трансшекаралық беруін қоса алғанда, жинауға және өңдеуге келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы анықтайды және ол қажеттілік жойылғанға дейін, бірақ 10 жылды құрайды;



16) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін жалпыға қолжетімді дереккөздерде, электрондық және өзге дерекқорларда және картотекаларда таратуға, оның ішінде үшінші тұлғаларға беруге келісмін растайды;

17) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушы немесе үшінші тұлға арқылы дербес деректерді өңдеуге, оның ішінде трансшекаралық беруге және жалпыға қолжетімді дереккөздерде таратуға жазбаша келісім алуға міндетті;

18) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуге келісімінің болмауы үшін жауапты, оның ішінде трансшекаралық беру және үшінші тұлғаларға беру келісімі болмаған жағдайлар үшін;

19) деректерді жинау және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды: атауы (тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәлікте көрсетілген болса), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі)); субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); дербес деректерді жинау және өңдеуге келісімнің қолданылу мерзімі; оператордың деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі туралы мәліметтер; деректерді трансшекаралық беру туралы мәліметтер; деректерді жалпыға қолжетімді дереккөздерде тарату туралы мәліметтер; жиналатын деректер тізбесі;

20) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушы немесе үшінші тұлға арқылы жалпыға қолжетімді дереккөздерде, электрондық және өзге дерекқорларда, әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда, мобильді қосымшаларда сақталған дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісмін растайды;

21) Сақтандыру шартында Сақтанушының өзге де міндеттері көзделуі мүмкін.

3. Сақтандырушының құқықтары:

1) Сақтанушы ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ осы Сақтандыру ережелерінің орындалуын тексеру;

2) сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиға болған жерді қарауға қатысу;

3) сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтау, оның ішінде уәкілетті органдарға сұрау салу;

4) сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау мән-жайларын және нақты залал мөлшерін анықтау үшін осы Ережелердің 16-бабында көрсетілген ақпаратты талап ету;

5) сотта «дербес талаптар қоймайтын үшінші тұлға» ретінде қатысу;

6) Сақтанушыға немесе Сақтандырылған тұлғаға қойылған талаптардың мөлшерін даулауға;

7) осы Ережелердің 6-бабы 1-тармағына немесе 19-бабы 5-тармағына сәйкес сақтандыру жағдайы танылмаған жағдайда сақтандыру төлемінен бас тартуға, бұл туралы Сақтанушыға жазбаша хабарлау;

8) Сақтанушы сақтандыру жағдайы туралы 3 жұмыс күні ішінде хабарламаған жағдайда сақтандыру төлемінен бас тартуға (егер Сақтандырушы оқиға туралы уақытында білгені немесе бұл оның төлем жасау міндетіне әсер етпегені дәлелденбесе);

9) кез келген уақытта тәуекелдің туындауына ықпал ететін мән-жайларды тексеру;

10) тәуекел деңгейі артқан жағдайда Сақтандыру полисінің шарттарын өзгерту немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап ету.

4. Сақтандырушының міндеттері:

1) Сақтанушыны осы Сақтандыру ережелерімен таныстыру;

2) сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны тіркеу журналында тіркеу;

3) осы Ережелердің 19-бабы 1-тармағында белгіленген мерзімде оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану немесе танымау туралы шешім қабылдау;

4) сақтандыру жағдайы туындаған кезде осы Ережелердің 19-бабы 2-тармағында белгіленген мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыру;

5) Сақтанушының залалды азайту мақсатында жасаған шығындарын өтеу;

6) сақтандыру жағдайын танудан бас тарту немесе сақтандыру төлемін азайту туралы шешім қабылданғаны туралы Сақтанушыға жазбаша хабарлау;

7) ұсынылған құжаттардың тізімі мен қабылданған күні көрсетілген анықтама беру;

8) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;



9) келесі жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тарту:
– Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға/Пайда алушы ҚР Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалар тізімінде (ҚМА тізбесі), сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты тізімде (ЖҚҚТҚ тізбесі) болған жағдайда;
– Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға құжаттарды және қосымша ақпаратты ұсынбаған жағдайда;
– ақша немесе өзге мүлікпен операциялар ақшаны жылыстату немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалуда деп негізді күдік болған жағдайда.

5. Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамалық актілермен, сондай-ақ сақтандыру шартында Сақтандырушының өзге де міндеттері көзделуі мүмкін.

14-бап. Сақтандыру полисі қолданылу кезеңінде сақтандыру полисі қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдарлары

1. Сақтандыру полисінің қолданылу кезеңінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру полисін жасасу кезінде хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, дереу жазбаша түрде хабарлауға міндетті, оның ішінде:

- 1) Сақтандыру полисінде көрсетілген жүктің тасымалдау маршрутының өзгеруі;
- 2) сақтандыру аумағының өзгеруі;
- 3) Сақтанушы қызметінің түрінің өзгеруі;
- 4) жүктің көлемі мен құрамының өзгеруі;
- 5) тасымалдау көлігінің және қатынас түрінің өзгеруі.

2. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы Сақтандыру полисінің шарттарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына сәйкес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

3. Егер Сақтанушы Сақтандыру полисінің шарттарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы сақтандыру полисін біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте төленген сақтандыру сыйлықақысы сақтандырудың қалған кезеңіне пропорционалды түрде, сондай-ақ сақтандыру полисін жасасуға байланысты Сақтандырушы бюджетке төлеген міндетті төлемдерді және істі жүргізуге кеткен шығындарды (сақтандыру сыйлықақысының 25 %-ы мөлшерінде) шегере отырып қайтарылады, егер сақтандыру полисі бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмаған болса. Егер осы сақтандыру полисі бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған болса, сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды.

4. Осы баптың 1-тармағында көзделген міндетті Сақтанушы орындамаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру полисін біржақты тәртіппен бұзуға және оның бұзылуына байланысты келтірілген залалды сот тәртібімен өтеуді талап етуге, не сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына сәйкес азайтуға немесе сақтандыру төлемін толық көлемде төлеуден бас тартуға құқылы.

5. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылған болса, Сақтандырушы сақтандыру полисін бұзуды талап етуге құқылы емес.

15-бап. Сақтандыру жағдайы туындаған кездегі сақтанушының әрекеттері

1. Сақтандыру жағдайының туындауын, сондай-ақ одан келтірілген залалды дәлелдеу міндеті Сақтанушыға жүктеледі.

2. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе өзіне зиянды өтеу туралы талаптар қоюға негіз болуы мүмкін оқиға туындаған кезде, Сақтанушы:

- 1) осындай оқиғаға байланысты залалды азайту үшін қалыптасқан жағдайда мүмкін және орынды шараларды дереу қабылдауға;
- 2) оқиғаны тиісті мемлекеттік немесе ведомстволық органдарда құжаттық түрде рәсімдеуді қамтамасыз етуге;
- 3) өзі білген сәттен бастап, демалыс және мереке күндерін есептемегенде, 3 (үш) күн ішінде Сақтандырушыға немесе оның уәкілетті өкіліне сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе талап қоюға негіз болуы мүмкін оқиға туралы жазбаша хабарлауға;



- 4) онымен әрі қарайғы әрекеттерді келісуге, сондай-ақ Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш ұсынуға;
 - 5) залалға жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығын қамтамасыз етуге;
 - 6) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін осы Сақтандыру ережелерінің 16-бабында көрсетілген барлық құжаттар мен мәліметтерді Сақтандырушыға ұсынуға;
 - 7) авариялық жағдай орын алған кезде, егер мүмкіндік болса, Сақтандырушы өкілі келгенге дейін сақтандыру жағдайының көрінісін сақтау, тек қауіпсіздікті қамтамасыз ету және/немесе залалды азайту талаптарымен байланысты өзгерістерді қоспағанда, сондай-ақ оқиғаны құжаттандыру;
 - 8) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы болған жерді қарау немесе тексеру мүмкіндігін беруге міндетті.
- 3.** Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе талап қоюға негіз болуы мүмкін оқиға туралы белгіленген мерзімде хабарламау немесе тиісті түрде хабарламау, егер хабарламаудың дәлелді себептері жоқ екендігі анықталмаса, Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту құқығын береді.
- 4.** Сақтанушы осы Сақтандыру ережелерінде көзделген сақтандыру жағдайы бойынша барлық кейінгі ақпаратты хабарлауға және Сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге міндетті.

16-бап. Сақтандыру жағдайының туындауын және залал мөлшерін растайтын құжаттар тізбесі

- 1.** Сақтандыру төлемін талап ету Сақтанушы тарапынан Сақтандырушыға жазбаша нысанда, тиісті талапты негіздейтін құжаттарды қоса бере отырып ұсынылады.
- 2.** Сақтандыру төлемі туралы өтінішке келесі құжаттар қоса беріледі:
 - 1) келтірілген зиян мен жүктің тасымалдануы арасындағы себеп-салдарлық байланысты растайтын құжаттар, оның ішінде коносаменттер, тауар-көлік жүкқұжаттары, теміржол жүкқұжаттары, тасымалдау құжаттары, шот-фактуралар және шоттар, фрахт сақтандырылған жағдайда – чартер-партиялар мен коносаменттер;
 - 2) сақтандыру жағдайының туындау фактісін растайтын құжаттар, оның ішінде уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың актілері (егер мұндай оқиғаларды қарау және/немесе тергеу, және/немесе шешім қабылдау және/немесе орындау олардың құзыретіне кірсе); зиян келтірілген тұлғалардың талаптары;
 - 3) пайда алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын құжаттар, оның ішінде жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін); құрылтай құжаттары, өкілге берілген сенімхаттың түпнұсқасы (заңды тұлғалар үшін); мүлікке меншік құқығын растайтын нотариалды куәландырылған құжаттардың көшірмелері, ал өмірге зиян келтірілген жағдайда – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, қайтыс болған тұлғаның нәтижесінде зиян шеккен тұлғаларды айқындайтын нотариалды куәландырылған құжаттар;
 - 4) залал мөлшерін растайтын құжаттар, оның ішінде төлем тапсырмалары, банк шотынан үзінділер, фискалдық чектер, тауар-көлік жүкқұжаттары, шот-фактуралар, инкассалық өкімдер, бағалау есептері;
 - 5) туындаған оқиғадан болатын залалды болдырмауға немесе азайтуға бағытталған шығындарды растайтын құжаттар, оның ішінде барлық төлем құжаттары, банк шотынан үзінділер, фискалдық чектер, тауар-көлік жүкқұжаттары, шот-фактуралар, инкассалық өкімдер.
- 3.** Сонымен қатар, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін Сақтанушы Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:
 - 1) Сақтандыру полисінің түпнұсқасы;
 - 2) мәлімделген талапқа қатысты мәліметтерді, талап қоюға себеп болған мән-жайларды, сондай-ақ зиян келтіруге әкеп соққан оқиғаның туындауындағы Сақтанушының кінәсі туралы түсіндірмелерді қамтитын түсіндірме жазба;
 - 3) жүкке арналған спецификация немесе орау тізімі және/немесе теміржол жүкқұжаты.
- 4.** Қажет болған жағдайда оқиғаның туындау себептерін және залал мөлшерін анықтау жөніндегі жұмыстар Сақтандырушының тапсырмасы бойынша тәуелсіз сарапшылар, бағалаушылар, авариялық комиссарлар, сюрвейерлік ұйымдар (сюрвейерлер) арқылы жүргізілуі мүмкін.



5. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған жағдайда, Сақтандырушы тиісті құжаттарды алған күннен бастап 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей бұл туралы Сақтанушыны/Сақтандырылған тұлғаны хабардар етеді.

17-бап. Залал мөлшерін және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау

1. «Зардап шегушілердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру» сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру төлемі Сақтанушыға жүзеге асырылады, ол кейіннен зардап шегушіге залалды өтейді, ал ол қайтыс болған жағдайда – оның қайтыс болуы салдарынан зиян шеккен тұлғаларға төленеді.

2. «Зардап шегушілердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру» тәуекелі бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау кезінде мыналар ескеріледі:

1) зардап шегушінің еңбекке қабілеттілігін жоғалтуы немесе азаюы нәтижесінде жоғалтқан жалақысы (жалақысының бір бөлігі);

2) денсаулықты қалпына келтіруге қажетті қосымша шығындар: бөгде күтім, протездеу, ақылы медициналық қызметтерге жұмсалатын шығындар (егер зардап шегушінің оларды тегін алуға құқығы болмаса), бұл ретте мұндай шығындардың қажеттілігі уәкілетті тұлғамен анықталуы тиіс;

3) зардап шегуші қайтыс болған жағдайда, оның қайтыс болуы салдарынан зиян шеккен тұлғалар айырылған жалақының бір бөлігі;

4) жерлеуге арналған шығындар.

3. Зардап шегушілердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемінің мөлшері келесі тәсілдердің бірімен айқындалады:

1) тараптардың келісімі бойынша;

2) сот шешімімен Сақтанушыға жүктелген сомалар негізінде.

4. Осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау кезінде тараптар келесіні басшылыққа алады:

1) жоғалған жалақының өтелуге жататын мөлшері жарақат алғанға дейінгі немесе еңбекке қабілеттілікті жоғалтқанға дейінгі орташа айлық жалақының пайызымен анықталады және зардап шегушінің кәсіби еңбекке қабілеттілігін жоғалту дәрежесіне, ал ол болмаған жағдайда – жалпы еңбекке қабілеттілік дәрежесіне сәйкес белгіленеді.

Бұл ретте орташа айлық жалақы денсаулыққа зиян келтірілгенге дейінгі соңғы он екі айдағы жалақының жалпы сомасын он екіге бөлу арқылы есептеледі. Егер зардап шегуші он екі айдан аз жұмыс істеген болса, онда орташа айлық жалақы нақты жұмыс істеген айлардағы жалақы сомасын сол айлар санына бөлу арқылы есептеледі;

2) зардап шегушінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтеуге құқығы бар тұлғаларға оның өмірінде алған немесе алуға құқығы болған жалақысының үлесі мөлшерінде өтемақы төленеді. Бұл ретте зиян: кәмелетке толмағандарға – он сегіз жасқа дейін; он сегіз жастан асқан, бірақ күндізгі бөлімде оқитындарға – оқуын аяқтағанға дейін, бірақ жиырма үш жастан аспай; әйелдерге – елу сегіз жастан, ерлерге – алпыс үш жастан бастап өмір бойы; мүгедектерге – мүгедектік мерзімі ішінде; сондай-ақ марқұмның асырауындағы балаларға, немерелерге, бауырларға күтім жасайтын ата-ананың біріне, жұбайына немесе басқа отбасы мүшесіне – олар он төрт жасқа толғанға дейін немесе денсаулық жағдайы өзгергенге дейін, бірақ кез келген жағдайда марқұм тірі болғанда зейнет жасына жететін күннен аспай төленеді.

5. Мүлікке келтірілген залал мөлшері:

1) тәуелсіз бағалаушының қорытындысы негізінде;

2) сот шешімі болған жағдайда – сот шешіміне сәйкес;

3) зақымдалған мүлікті жөндеу бойынша нақты шығындар шоттары негізінде анықталады.

Бұл ретте осы тармақтың қолданылу басымдығын Сақтандырушы айқындайды, ал оның шешімі Сақтанушы тарапынан осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес даулануы мүмкін. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы танылған және осы Ережелердің 16-бабында көрсетілген құжаттар ұсынылған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей залал мөлшерін анықтауға міндетті.

6. Залалдың себептері мен мөлшері бойынша тараптар арасында даулар туындаған жағдайда, әр тарап сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптама оны талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі.



7. Мүліктің толық нақты немесе конструктивтік жойылуы кезінде, сондай-ақ қалпына келтіру жөндеуінің құны оның нақты құнының 80%-ынан асқан жағдайда, сақтандыру төлемі тозуды және жарамды қалдықтарды шегере отырып, зақымдалған мүліктің нақты құны мөлшерінде, бірақ зардап шегушілердің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру тәуекелі бойынша белгіленген сақтандыру сомасынан аспай төленеді.
8. Сақтандырушы зардап шегушінің келісімімен мүлік жойылған жағдайда сақтандыру төлемінің орнына залалды заттай түрде өтеуге, яғни жойылған мүліктің орнына ұқсас мүлікті ұсынуға құқылы.
9. Барлық зардап шегушілердің өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиян үшін Сақтандырушы жүзеге асыратын сақтандыру төлемінің жалпы мөлшері, егер ол белгіленген болса, бір сақтандыру жағдайы үшін Сақтандыру полисінде айқындалған сақтандыру сомасымен, ал ол болмаған жағдайда – жалпы сақтандыру сомасымен шектеледі.

18-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары

1. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының туындағаны туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін Сақтандырушы келесі әрекеттерді жүзеге асырады:
 - 1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның туындау фактісін анықтайды; Сақтанушының өтінішінде көрсетілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді; залалға әкелген оқиғаның туындау фактісі мен себептерін анықтайды; сарапшыларды, авариялық комиссарларды тарту қажеттілігін айқындайды;
 - 2) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтайды, залал мөлшерінің есебі қамтылған сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды және оны Сақтанушыға танысу үшін ұсынады.
2. Сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы. Сақтандыру төлемі Сақтандырушы тарапынан Сақтанушының жазбаша өтініші, ұсынылған құжаттар және сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде жүзеге асырылады. Сақтанушының Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз болашақ сақтандыру төлемдерінің есебінен жасаған төлемдері есепке алынбайды.
3. Сақтандыру жағдайы туралы акт Сақтандырушы немесе оның уәкілетті тұлғасы тарапынан оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей жасалады. Қажет болған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға құқылы.
4. Сақтандыру төлемі Сақтандырушы тарапынан сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемі Сақтанушы шеккен нақты залал мөлшерінен аспауға тиіс.
5. Сақтанушы сақтандыру жағдайының салдарынан болатын залалды болдырмау немесе азайту мақсатында жұмсаған шығындар, егер олар қажетті болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалған болса, тіпті мұндай шаралар нәтижесіз болған жағдайда да, Сақтандырушы тарапынан өтелуге жатады. Мұндай шығындар нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығындардың өтемақысының жалпы сомасы Сақтандыру полисінде көзделген сақтандыру сомасынан (жауапкершіліктің шекті көлемінен) аспауға тиіс. Егер шығындар Сақтанушының Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық көлемде өтеледі.
6. Сақтандырушы Сақтанушы қасақана ықтимал залалды азайту үшін қолжетімді және орынды шараларды қабылдамаған жағдайда туындаған залал бөлігі бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.
7. Егер Сақтанушы осы Сақтандыру ережелерінің 16-бабында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған немесе залалдың туындау мән-жайлары мен оның мөлшері туралы әдейі жалған мәліметтер ұсынған болса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

19-бап. Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау немесе одан бас тарту мерзімі

1. Сақтандырушы осы Сақтандыру ережелерінің 16-бабында көрсетілген барлық құжаттарды алғаннан кейін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе одан бас



тарту туралы шешім қабылдайды және бұл туралы Сақтанушыға жазбаша түрде хабарлайды. Егер сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданса, Сақтандырушы бас тарту себептерін негізді түрде жазбаша түсіндіреді.

2. Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

3. Егер Сақтандырушының жазбаша келісімімен Сақтанушы зардап шегушіге залалды өзі өтеген болса, сақтандыру төлемі Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, зардап шегушінің тиісті түрде ресімделген қолхатын немесе залалдың өтелгенін және Сақтанушыға талаптардың жоқ екенін растайтын өзге құжатты алғаннан кейін жүзеге асырылады.

4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы Сақтанушы тарапынан сот тәртібімен даулануы мүмкін.

5. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуының негіздері:

1) Сақтанушының сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы әдейі жалған мәліметтер беруі;

2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болатын залалды азайту шараларын қасақана қабылдамауы;

3) сақтандыру жағдайы туралы хабарламау немесе тиісінше хабарламау;

4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының мән-жайларын тергеуге және залал мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;

5) Сақтанушының сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ осы құқықтың Сақтандырушыға өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;

6) Сақтанушының осы Сақтандыру ережелерінің талаптарын бұзуы;

7) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаны құжаттамау;

8) сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиға бойынша жалған құжаттарды ұсыну.

6. Егер уәкілетті органдар Сақтанушыға немесе оның қызметкерлеріне қатысты қылмыстық іс қозғап, сақтандыру жағдайының туындауына және келтірілген залалға қатысты мән-жайларды тергеп жатқан болса, тергеу аяқталғаннан кейін Сақтандырушы 15 күн ішінде сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауға міндетті.

7. Сақтандыру төлемін уақытында жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапты болады.

20-бап. Сақтандырушыға сақтанушының залалды өтеу құқығының өтуі

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде сақтандыру нәтижесінде өтелген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты Сақтанушының талап ету құқығы өтеді. Алайда залалды қасақана келтірген тұлғаға қатысты талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін жоққа шығаратын шарт жарамсыз болып табылады.

2. Сақтандыру төлемін алған кезде Сақтанушы Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге, сондай-ақ Сақтандырушыға өткен талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті, соның ішінде: залал үшін жауапты тұлғамен жасалған шарттар; сараптамалық ұйымдардың және/немесе мамандардың қорытындылары (бар болған жағдайда); егер мұндай жағдайлар міндетті түрде тергеуге және/немесе қарауға жататын болса, уәкілетті органдар мен ұйымдардың тергеу және/немесе қарау материалдары; уәкілетті ұйымдар дайындаған келтірілген залалдың құны туралы есептер (егер мұндай есептер дайындалған болса).

3. Егер Сақтанушы Сақтандырушы өтеген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты өз талап ету құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру Сақтанушының кінәсінен мүмкін болмай қалса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

21-бап. Сақтандыру полисінің тоқтатылу шарттары

1. Сақтандыру полисі бірінші орын алған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сәттен бастап өз күшін жояды. Ал егер Сақтанушы мен Сақтандырушы



арасында сақтандыру сомасы толық таусылғанға дейін әрекет ететін Сақтандыру полисі жасалған болса, онда ол сол сәтке дейін қолданылады.

2. Сақтандыру полисі келесі жағдайларда тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру полисі мен сақтандыру қорғанысының мерзімі аяқталған кезде;
- 2) сот Сақтандыру полисін жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдаған кезде.

3. Тараптар Сақтандыру полисін мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Сақтандыру полисінің қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы тараптар бір-бірін болжанған тоқтату күнінен кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабардар етуге міндетті.

4. Сақтандыру полисі келесі мән-жайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру объектісі жойылған жағдайда;
- 2) өз қызметіне байланысты азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырған Сақтанушының кәсіпкерлік қызметі белгіленген тәртіппен тоқтатылған кезде;
- 3) сақтандыру жағдайының туындау мүмкіндігі жойылып, сақтандыру тәуекелі сақтандыру жағдайынан басқа мән-жайлар бойынша тоқтаған кезде;
- 4) Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезде;
- 5) уәкілетті органның Сақтандырушыны ерікті түрде таратуға рұқсат беру туралы шешімі күшіне енген кезде;
- 6) Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезде;
- 7) келесі жағдайларда:

- Сақтанушыны, Сақтандырылған тұлғаны және Пайда алушыны тиісінше тексеру шараларын жүргізу мүмкін болмаған кезде;

- сақтанушы/сақтандырылған тұлға Сақтандырушының сұрауы бойынша құжаттарды және қосымша ақпаратты ұсынбаған кезде;

- ақша және (немесе) өзге мүлікпен операциялар КЖ және ТҚ мақсатында жүзеге асырылуда деген негіздер болған кезде.

Сақтандыру полисі осы тармақта көзделген мән-жай туындаған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап екінші тарапты дереу хабардар етуге тиіс. Бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру әрекет еткен уақытқа пропорционалды түрде сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін алуға құқылы.

5. Егер Сақтанушы Сақтандыру полисінен бас тартса және бұл осы баптың 4-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары қайтарылмайды.

6. Егер Сақтандыру полисінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамауына байланысты болса, онда Сақтандырушы Сақтанушыға төленген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.

22-бап. Қосымша шарттар

1. Осы сақтандыру ережелері орыс тілінде жасалған. Сақтандыру полисіндегі орыс және қазақ тілдеріндегі мәтіндер арасында қайшылықтар болған жағдайда, әзірлеу тілі орыс тілі болғандықтан, орыс тіліндегі мәтінге басымдық беріледі.

2. Сақтандыру полисі бойынша келесі жағдайлар нәтижесінде туындаған залал немесе жоғалту сақтандыру қорғанысымен қамтылмайды:

1) сақтандырылған мүлікті тәркілеу, ұлттандыру, басып алу, ұстап қалу, қамауға алу, жою, иемдену, кез келген үкіметтің (әскери, азаматтық немесе іс жүзіндегі) немесе оның бұйрығы бойынша, не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының меншігіне алу немесе пайдалану үшін реквизициялау;

2) қандай да бір өзге шарттарға қарамастан, егер сақтандырумен қамту, төлем, сақтандыру төлемі немесе қызмет көрсету және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге де қызметі қолданылатын сауда немесе экономикалық санкциялар туралы заңнамалық немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзатын болса, онда сақтандыру шарты мұндай оқиғаларға қолданылмайды, ал Сақтандырушы ешқандай төлемдер жүргізбейді және ешқандай қызмет көрсетпейді.

3. Тараптар келіседі, егер OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания тарапынан Украинаның аумақтық тұтастығына, егемендігіне және тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін немесе қауіп төндіретін



әрекеттерге байланысты санкциялар және/немесе шектеулер Сақтанушыға, оның аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, кеңесшілеріне, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыны қарапайым жазбаша хабардар ету арқылы Шартты біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға электрондық пошта арқылы немесе Сақтандыру шартында көрсетілген мекенжайға пошта арқылы хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі.

4. Тараптар келіседі, осы баптың 4-тармағына сәйкес Шарт тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін, осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңіне пропорционалды түрде Шарт тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтарады.

5. Тараптар келіседі, егер OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания тарапынан санкциялар және/немесе шектеулер Сақтанушыға, оның аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, кеңесшілеріне, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты қолданылған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды, оның ішінде санкциялар мен шектеулер енгізілгенге дейін орын алған оқиғалар бойынша да.

6. Тараптар келіседі, осы баптың 4-тармағына сәйкес Шарт біржақты тәртіппен бұзылған және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі жүзеге асырылмаған жағдайда, Сақтандырушы тұрақсыздық айыбын төлемейді және Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға қандай да бір залалды өтемейді.

23-бап. Дауларды шешу тәртібі

1. Осы сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалған Сақтандыру полистері бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жалпы юрисдикция соттарында қаралуға жатады.



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**ЖҮК ЖӨНЕЛТУШІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАҢА
РЕДАКЦИЯДА)**

**Жүк жөнелтушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін
ерікті сақтандыру ережелеріне
№1 Қосымша**

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСИ
СТРАХОВОЙ ПОЛИС

Серия № ____

САҚТАНДЫРУ КЛАСЫ / КЛАСС СТРАХОВАНИЯ	АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ САҚТАНДЫРУ. СТРАХОВАНИЕ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ.
САҚТАНДЫРУ ТҮРІ / ВИД СТРАХОВАНИЯ	ЖҮК ЖӨНЕЛТУШІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ. ДОБРОВОЛЬНОЕ СТРАХОВАНИЕ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ГРУЗОТРАНСПОРТА.
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ / ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЛИЦЕНЗИЯ	20 жылғы «__» _____ № _____ от «__» _____ 20 _____ года.
САҚТАНДЫРУШЫ / СТРАХОВЩИК	«Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 59. тел.: 8 (727) 258 43 36, 8-800-080-00-99; факс: 8 (727) 258 43 38, Алматы қ., «Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT: EURIKZKA BSN 950540000024 АО «Страховая компания «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59. тел.: 8 (727) 258 43 36, 8-800-080-00-99; факс: 8 258 43 38, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в филиале №6 АО «Евразийский банк» г. Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA БИН 950540000024.

САҚТАНУШЫ / СТРАХОВАТЕЛЬ	_____
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ / ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ	Сақтанушының жүгін тасымалдау нәтижесінде жәбірленушінің өміріне және/немесе денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтіру салдарынан мүлктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындау тәуекеліне байланысты мүлктік мүдесі. Имущественный интерес страхователя, связанный с риском наступления гражданско-правовой ответственности, по возмещению ущерба, причиненного имущественным интересам потерпевших, в следствие причинения вреда его (их) жизни и/или здоровью, и/или имуществу потерпевших в результате транспортировки груза страхователя.
сақтандыру объектісінің орналасқан орны / местонахождения объекта страхования	_____
САҚТАНДЫРЫЛУШЫ/ЗАСТРАХОВАННЫЙ	_____
ПАЙДА АЛУШЫ / ВЫГОДОПРИБОРИТЕЛЬ	_____
САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ / СТРАХОВАЯ СУММА	_____ (_____).
САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ / СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ	_____ (_____).
ФРАНШИЗА / ФРАНШИЗА	Шартсыз, сақтандыру сомасының _____%-ы мөлшерінде. Франшиза – Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын шығынды өтеуден босатуды көздейтін сақтандыру талабы. Безусловная, в размере _____% от страховой суммы. Франшиза — предусмотренное условиями страхования освобождение Страховщика от возмещения ущерба, не превышающего определенного размера.
ВАЛЮТА ТҮРІ, САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ / ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ	_____
САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ / СТРАХОВЫЕ СЛУЧАИ	_____
САҚТАНДЫРУ ҚОРҒАУЫНЫҢ АУМАҒЫ / ТЕРРИТОРИЯ СТРАХОВОЙ ЗАЩИТЫ	_____
ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР / ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ	_____
САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ / ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ	Сақтандырушы шешім қабылдауға қажет барлық құжаттарды алғаннан кейін, отыз жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы Сақтанушыға жазбаша нысанда хабарлайды. Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, бас тарту себебін жазбаша уәжді негіздейді. Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданғаннан кейін он жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады. Страховщик, после получения всех необходимых документов для принятия решения, в течение тридцати рабочих дней принимает решение о страховой выплате или об отказе в страховой выплате, о чем сообщает страхователю в письменной форме. Если Страховщиком принято решение об отказе в страховой выплате, он обоснованно письменно мотивирует причину отказа. Страховщик осуществляет страховую выплату страхователю в течение десяти рабочих дней после принятия решения о страховой выплате.
САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ / СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	с «__» _____ 20__ г. по «__» _____ 20__ г. обе даты включительно

Комиссиялық сыйақы. Комиссионное вознаграждение – и/а/да,нет/жоқ.

Сақтандыру ережелерімен таныстым, өзім хабарлаған мәліметтердің шынайылығын растаймын, полисті және сақтандыру ережелерінің көшірмесін алдым./
С правилами страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис и копию правил страхования получил.

Сақтандырушы (немесе оның өкілі):

Страховщик (или его представитель):
«Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ
АО «Страховая компания «Евразия»

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)
М.О./М.П.

Сақтанушы / Страхователь:

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.О./М.П.

Если подписант агент
Агент (ФИО/Наименование)
Адрес (если агент юридическое лицо)
ИНН/БИН
телефон

Берілген күні / Дата выдачи: «__» _____ 20__ ж./г.



ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушының:

- 1) сақтандырушыдан төлем қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылығы туралы ақпарат талап етуге;
- 2) сақтандыру жағдайы орын алған кезде, сақтандыру ережесінде және осы сақтандыру полисінде көзделген тәртіппен және мөлшерде сақтандыру төлемін және сақтандыру жағдайын болдырмау немесе шығындар мөлшерін азайтуға бағытталған шығындар өтемін алуға;
- 3) сақтандыру полисі жоғалған жағдайда телнұсқасын алуға;
- 4) сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде келтірілген зиян мөлшерін анықтау үшін өз бетінше тәуелсіз сарапшы тағайындауға құқығы бар.

2. Сақтанушы:

- 1) Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдылығын және оның басталуынан мүмкін болатын заңдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар белгілі болған мән-жайлар туралы хабарлауға;
 - 2) дереу, Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы, сонымен қатар Шартты жасау кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы оған белгілі болған маңызды өзгерістер туралы хабарлау, егер бұл өзгерістер Шарттың әрекет ету кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін болса. Шарт жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы кез келген өзгерістер маңызды болып танылады;
 - 3) осы сақтандыру полисін жасау кезінде Сақтандырушының сақтандыру тәуекелін бағалауына және осы сақтандыру полисін жасау туралы шешім қабылдауына елеулі мәнді барлық өзінше белгілі жағдайлар жайлы Сақтандырушыға хабарлауға;
 - 4) басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалатын барлық жүк жөнелтушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттары (сақтандыру полистері) туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
 - 5) сақтандыру ережесінде және осы сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
 - 6) сақтандыру ережесінің талаптарын орындауға;
 - 7) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға орын алған кезде, сақтандыру ережесінде көрсетілген қажетті іс-әрекеттерді жасауға;
 - 8) өзіне белгілі болған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, дереу жәбірленушілер берген бүкіл шағымдар туралы, қуыным арыздың (оның ішінде арыздар, наразылықтар) берілгені, зиян келтіру фактісі бойынша құзыретті ұйымдар әрекетінің басталғаны, оның ішінде тергеу, қылмыстық іс қозғау, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту, істерді сотқа жіберу, сотқа шақыру туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
 - 9) сақтанушыда бұған негіз болса, қойылған талаптар мөлшерін азайтудың қолдан келетін бүкіл шараларын қолдануға;
 - 10) сақтандыру полисіннің талаптары және сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдерінің мөлшерлері туралы құпиялылықты сақтауға;
 - 11) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
 - 12) есепті айдың есептелген және толған сақтандыру сыйлықақыларын сақтандырушымен ай сайын салыстыру актісін рәсімдей отырып салыстыруға;
 - 13) сұранысына орай сақтандырушыға сақтандыру жағдайына байланысты мәліметтерді беруге;
 - 14) сақтандырушыға (соңғысының сұранысы бойынша) сотқа дейінгі және сот тәртібімен шағымдарды реттеу кезінде сақтанушының өкілеттігін беруге;
 - 15) сақтандырушы мүддесіне қарсы бағытталған әрекеттер жасамауға, сондай-ақ сақтандырушының жазбаша келісімінсіз сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір міндеттемелер қабылдамауға, жауапкершілікті мойнына алмауға, қандай болмасын ұсыныстарды қабылдамауға, төлемдер жасамауға және қандай да бір төлемдер жасауға уәде бермеуге;
 - 16) сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы ақпарат беруге;
 - 17) сақтанушы қатыстырылған немесе қатыстырылуы мүмкін сот процесі басталған жағдайда, сақтандырушыны іске қатыстыруға міндетті.
- Осы полисте Сақтанушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

3. Сақтандырушының:

- 1) сақтанушы берген ақпаратты және құжаттарды, сондай-ақ сақтанушының сақтандыру ережесінің талаптарын орындауын тексеруге;
- 2) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға болған жерді қарауға қатысуға;
- 3) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептерін және жәйттерін өз бетінше анықтауға, сонымен бірге құзыретті органдарға сұраныс жіберуге;
- 4) сақтанушыдан сақтандыру жағдайын, оның туындау жәйттерін, сондай-ақ нақты зиян мөлшерін анықтау үшін сақтандыру ережесінде көрсетілген ақпаратты талап етуге;
- 5) сотқа «дербес талап қоймайтын үшінші тұлға» ретінде қатысуға;
- 6) сақтанушыға немесе сақтандырылушыға қойылған талап мөлшеріне сақтандыру ережесінде көзделген тәртіппен дау айтуға;
- 7) сақтандыру ережесінде көзделген негізде оқиға сақтандыру жағдайы деп танылмаған жағдайда, сақтанушының жазбаша хабарландыра отырып сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 8) Егер сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушының дер кезінде білгендігі дәлелденбесе не бұл жөніндегі мәліметтердің сақтандырушыда болмауы оның сақтандыру төлемі міндеттеріне ықпал етпейтін болса, сақтанушы сақтандыру жағдайы туындаған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оның орын алғаны туралы хабарламаған жағдайда, сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 9) тәуекелдің туындауына ықпал еткен жағдайлардың бар не жоғын кез келген уақытта тексеруге және бақылауға;
- 10) тәуекел дәрежесі ұлғайған жағдайда, осы сақтандыру полисі талаптарының өзгертілуін немесе ұлғайған тәуекелге мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысының төленуін талап етуге құқығы бар.

4. Сақтандырушы:

- 1) сақтанушыны сақтандыру ережесімен таныстыруға;
- 2) сақтандыру жағдайы туралы келіп түскен хабарламаны сақтандыру

ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

1. Страхователь имеет право:

- 1) требовать от страховщика информацию о его платежеспособности и финансовой устойчивости;
- 2) при наступлении страхового случая на получение страховой выплаты и возмещения затрат, направленных предотвращение страхового случая либо уменьшения размера убытков, в размере и порядке, предусмотренном в правилах страхования и настоящим страховым полисом;
- 3) получить дубликат страхового полиса, в случае его утраты;
- 4) самостоятельно назначить независимую экспертизу для определения размера ущерба, причиненного в результате наступления страхового случая.

2. Страхователь обязан:

- 1) сообщить об известных обстоятельствах, имеющие существенное значение для определения вероятности наступления страхового случая и размера возможных убытков от его наступления;
 - 2) незамедлительно, сообщать Страховщику об увеличении страхового риска, а также в ставших ему известными значительных изменениях в обстоятельствах, сообщенных страховщику при заключении Договора, если эти изменения могут повлиять на увеличение страхового риска в период действия Договора. Значительными признаются любые изменения в обстоятельствах, сообщенных Страховщику при заключении Договора;
 - 3) при заключении настоящего страхового полиса сообщить страховщику обо всех известных ему обстоятельствах, имеющих существенное значение для оценки страхового риска и принятия страховщиком решения о заключении страхового полиса;
 - 4) письменно сообщать страховщику обо всех заключенных и заключаемых договорах страхования (страховых полисах) гражданско-правовой ответственности грузоотправителя с другими страховыми компаниями;
 - 5) уплачивать страховую премию в размерах и порядке, определенных правилами страхования и настоящим страховым полисом;
 - 6) выполнять условия правил страхования;
 - 7) при наступлении события, имеющего признаки страхового случая, совершить необходимые действия, указанные в правилах страхования;
 - 8) незамедлительно, но не позднее 3 (трех) рабочих дней со дня, когда ему стало известно, письменно сообщить страховщику о всех предъявляемых претензиях потерпевшими, о подаче искового заявления (включая заявления, жалобы), начале действий компетентных органов по факту причинения вреда, включая расследование, возбуждение уголовного дела, отказ в возбуждении уголовного дела, направление дела в суд, вызов в суд;
 - 9) принимать все доступные меры по уменьшению размеров предъявляемых требований, если у страхователя имеются для этого основания;
 - 10) сохранять конфиденциальность об условиях страхового полиса и размерах страховых премий и выплат;
 - 11) обеспечить переход к страховщику права требования к лицу, ответственному за наступление страхового случая;
 - 12) ежемесячно производить со страховщиком сверку начисленных и оплаченных страховых премий за отчетный месяц, которая оформляется актом сверки ;
 - 13) предоставлять страховщику по его запросу сведения, связанные со страховым случаем;
 - 14) предоставить страховщику (по требованию последнего) полномочия страхователя при урегулировании претензий в досудебном и судебном порядке;
 - 15) не совершать действий, направленных против интересов страховщика, а также не принимать каких-либо обязательств, не признавать ответственность, не принимать какие бы то ни было предложения, не делать выплат и не обещать сделать какие-либо выплаты, имеющие отношение к страховому случаю, без письменного согласия страховщика;
 - 16) информировать страховщика о состоянии страхового риска;
 - 17) в случае начала судебного процесса, куда вовлечен или может быть вовлечен страхователь, привлечь страховщика к участию в деле.
- Настоящим Полисом могут быть предусмотрены и другие обязанности Страхователя.

3. Страховщик имеет право:

- 1) проверять предоставленную страхователем информацию и документы, а также выполнение страхователем условий правил страхования;
- 2) участвовать в осмотре места происшествия события, имеющего признаки страхового случая;
- 3) самостоятельно выяснять причины и обстоятельства события, имеющего признаки страхового случая, в том числе направлять запросы в компетентные органы;
- 4) требовать от страхователя указанную в правилах страхования информацию, для установления факта страхового случая, обстоятельств его возникновения, а также размеров реального ущерба;
- 5) участвовать в суде в качестве «третьего лица, не заявляющего самостоятельных требований»;
- 6) оспаривать в порядке, предусмотренном правилами страхования размеры требований, предъявляемых к страхователю или застрахованному;
- 7) отказывать в страховой выплате в случае непризнания события страховым случаем на основании предусмотренных правилами страхования, письменно уведомив об этом страхователя;
- 8) отказывать в страховой выплате в случае несообщения Страхователем о наступившем страховом случае в течение трех рабочих дней, с момента его наступления, если не будет доказано, что страховщик своевременно узнал о наступлении страхового случая либо отсутствие у страховщика сведений об этом не могло сказаться на его обязанности осуществить страховую выплату;
- 9) в любое время проинспектировать и проверить наличие обстоятельств, способствующих возникновению риска;
- 10) в случае увеличения степени риска потребовать изменения условий настоящего страхового полиса или уплаты дополнительной страховой премии соразмерно увеличению риска.

4. Страховщик обязан:

- 1) ознакомить страхователя с правилами страхования;



жағдайларын тіркеу журналына тіркеуге;

3) оқиганы сақтандыру жағдайы деп тану немесе танымау туралы шешімді сақтандыру ережесінде белгіленген мерзімде қабылдауға;

4) сақтандыру жағдайы орын алған кезде, сақтандыру ережесінде белгіленген мерзімде сақтандыру төлемін жасауға;

5) сақтанушының сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеуге;

6) оқиганың сақтандыру жағдайы деп танылмағаны немесе сақтандыру төлемі сомасының мөлшерін азайту туралы шешім қабылданғаны жайлы сақтанушыны жазбаша хабарландыруға;

7) берілген құжаттардың тізімі мен қабылданған күнін көрсете отырып анықтама беруге;

8) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

9) сақтандыру ережесіне өзгертулер енгізілген жағдайда, өзгертулерді уәкілетті мемлекеттік ұйымға келісуге беруге міндетті.

10) мына жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тарту:

- Сақтанушының/ сақтандырылушының/ пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша -ЖҚҚТҚ тізбесі)болуы;

- Сақтанушы/ сақтандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрауы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбаған;

- ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция АЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.

5. Сақтандыру жағдайының туындауын, сондай-ақ келтірген зиянын Сақтанушы дәлелдейді.

6. Сақтанушы, осы Сақтандыру шартына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуға және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру мүддесінің бар екендігін растайды.

7. Осы талаптарда реттелмеген барлық басқа мәселелерде Тараптар, «Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ-ның жүк жөнелтушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру ережесін басшылыққа алады.

2) зарегистрировать поступившее сообщение о страховом случае в журнале регистрации страховых случаев;

3) принять решение о признании или непризнании события страховым случаем в срок, установленный правилами страхования;

4) при наступлении страхового случая произвести страховую выплату в срок, установленный правилами страхования;

5) возместить страхователю расходы, произведенные им для уменьшения убытков при наступлении страхового случая;

6) письменно уведомить страхователя о непризнании события страховым случаем или о принятии решения уменьшить размер суммы страховой выплаты;

7) выдать справку с указанием перечня представленных документов и даты их принятия;

8) обеспечить тайну страхования;

9) в случае, когда в правила страхования вносятся изменения, предоставить эти изменения в уполномоченный государственный орган для согласования.

Законодательными актами о страховании и страховой деятельности, а также настоящим Полиссом могут быть предусмотрены другие обязанности Страховщика.

10) отказать в страховой выплате в случаях:

- нахождения Страхователя/ Застрахованного/ Выгодоприобретателя и (или) бенефициарного собственника в перечне организаций и лиц, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу, а также связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения (далее по тексту – Перечень ФРОМУ);

- не предоставления Страхователем/ Застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу Страховщика для проведения надлежащей проверки;

- когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью ОД и ФТ.

5. Доказывание наступления страхового случая, а также причиненных им убытков лежит на Страхователе.

6. Страхователь, подписывая настоящий Договор страхования подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.

7. По всем иным вопросам, неурегулированным настоящими Условиями, Стороны будут руководствоваться Правилами добровольного страхования гражданско-правовой ответственности грузоотправителя АО «Страховая компания «Евразия».